

Астық өндіруді нығайту және оны өткізу рыногын кеңейту, облыстарды нанмен және басқа өңделген астық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 15 қараша N 1288. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республиканың аграрлық секторын дамытуда астық шаруашылығы саласына айрықша маңызды мән бере отырып және астық өндіру мен өткізу саласында нарық элементтерін одан әрі кеңейту, сондай-ақ халықты нанмен, нан-тоқаш тағамдарымен, ұнмен, жармамен және мал шаруашылығы өндірісін құрама жеммен қамтамасыз ету үшін жергілікті басқару органдарының жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қара және сарғылт топырақты аймақтарда астық өндіру аграрлық сектордың жетекші саласы деп саналсын.

Ескерту. 1-тармақтың 2-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.05.24. N 641 қаулысымен.

2. Астық өндірудің интенсивтілігін арттыру және оның сапасын жақсарту мақсатында 1995 жылы оны өндірушілерді тыңайтқыштармен, тұқымдармен, арамшөптермен, зиянкестермен және өсімдік ауруларымен күресуге арналған заттар сатып алуға байланысты шығындардың бір бөлігін өтеу арқылы мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 1995 жылға арналған бюджеттің жобасында осыған қажетті қаржы ресурстарын көздесін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі және Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларымен, Мемлекеттік Даму банкімен және Мемлекеттік экспорт-импорт банкімен бірлесіп, 1995-1998 жылдары негізгі астық өндіретін аймақтарда диқандарға шарттық тракторлармен, тұқым себу агрегаттарымен, егін жинайтын және басқа техникалармен қызмет көрсету жөніндегі сервис пункттерінің, сондай-ақ астық тазалайтын-кептіретін агрегаттар шығаратын және монтаждайтын базалар мен қоймалар жүйесін құру үшін қаражат қарастырсын.

Осы мақсатта үш айлық мерзімде Қазақстанның кәсіпорындарында қажетті машиналар мен жабдықтар жасау бағдарламасын анықтасын және Үкіметтің бекітуіне тапсырсын.

4. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 1995 жылдың егінінен бастап, мемлекеттің қажеті үшін астық беру көлемін жеткізу, сондай-ақ оның өңделген өнімдерін тұтыну қорлары мен лимиттері тоқтатылсын.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, ұқсатушы және делдалдық кәсіпорындар астық пен оны өңдеу өнімдерін еркін сатуды және сатып алуды ішкі және сыртқы рынокта еркін баға бойынша биржалар, аукциондар және басқа сату арналары арқылы жүзеге асырып, контрактілерді агроөнеркәсіп биржаларында тіркетеді деп белгіленсін.

Үкіметаралық келісімдер бойынша экспортқа астық беру алдын-ала жасалған экспорттық контрактілер болған жағдайда тиісті рұқсаттарды биржаларда аукциондық сату арқылы жүзеге асырылады.

5. Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ішкі және сыртқы рынокта астық пен оның өңделген өнімдеріне бағаның өзгеруі туралы хабарларды апта сайын баспасөзде жариялауды немесе жеке бюллетень етіп шығаруды ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экономика министрлігі, Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы 1995 жылғы қаңтардың 1-іне дейін астық пен оның өңделген өнімдерін ішкі және сыртқы рынокта Қазақстан Республикасының биржалары арқылы жария және ашық сауда-саттықта сатудың бірыңғай тәртібін дайындап, бекітсін.

7. Облыстардың әкімдері жергілікті халықты нанмен, нан-тоқаш және макарон тағамдарымен, ұнмен және жармамен, ал мал шаруашылығы мен құс шаруашылығын құрамажеммен қамтамасыз етуді облыстардың материалдық және қаржы-несие ресурстары есебінен 1995 жылғы егіннің (1995 жылғы қазанның 1-інен бастап) астығын өндіру, сатып алу және қайта өңдеу негізінде ұйымдастырсын.

Қазтұтынуодағына 1995 жылдан бастап тауар өндірушілермен тікелей шарт бойынша астық сатып алуға көшу және осы астықты өз наубайханалары үшін ұн өңдеуге пайдалану ұсынылсын.

8. Мемлекетке астық сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және өткізу "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін. Сатып алушылар шаруашылықтармен астық сатып алуға контракт жасау кезінде астық беруге кепілдік беретін өндірушілермен және басқа жеткізушілермен фьючерлік және форвардтық шарттар хаттауды кең түрде қолдансын. < * >

*Ескерту. 8-тармақтың 1,3 абзацтары күшін жойды - ҚРМК-нің
1995.11.06. N 1450 қаулысымен.*

9. Астық өнімдері саласының қалған барлық кәсіпорындары дербес акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылсын. Бұл ретте мыналар:
тікелей астық өндіретін аймақта орналасқан шалғайдағы астық қабылдау кәсіпорындары бойынша барлық мемлекеттік акциялар пакетін астық өндірушілерге және аралас кәсіпорындарға сату;
астық өндірушілер қауымдастығын ұйымдастыру мүмкіндігін ескере отырып, облыстың (аймақтың) астық пен нан өнімдеріне қажетін қамтамасыз ететін акционерлік қоғамдарға мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін мемлекет меншігінде сақтау көзделсін.<*>

*Ескерту. 9-тармақтың 1-ші абзацы күшін жойды - ҚРМК-нің
1995.11.06. N 1450 қаулысымен.*

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы қаңтарға дейін құс шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін шығарудың бірыңғай технологиялық жүйесін құру мақсатымен құрамажем заводтарын, құс фабрикаларын, мал шаруашылығы кешендері мен астық өндіруші шаруашылықтарды акционерлендіруді аяқтасын.

Облыстардың әкімдері аталған акционерлік қоғамдарға (құс фабрикаларына, мал шаруашылығы кешендеріне немесе құрамажем заводтарына) құрамажем өндіру үшін астық шикізатының жетіспейтін мөлшерін өндіруге қажетті жер учаскелерін бөлсін.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және облыстардың әкімдері шаруашылық есеп негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын өндіру, сатып алу, сақтау, өңдеу және өткізу жөніндегі акционерлік компаниялар немесе қауымдастықтар құруды жеделдетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі